

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Пантелеева Т.А. Роль ТНК в международном бизнесе в контексте реализации концепции мягкой силы посредством национального бренда // Мировые цивилизации, 2019 №3–4, URL: <https://wcj.world/PDF/03ECGK319.pdf> (қарастырылды: 29.11.2021).
- 2 Судакова Н. Как Корея за 40 лет из отсталой аграрной страны стала технологическим лидером, 2019 URL: <https://www.vedomosti.ru/partner/articles/2019/02/14/793589-futuristicheskaya-volna> (қарастырылды: 29.11.2021).
- 3 World Investment Report 2016 -Investor Nationality: Policy Challenges, United Nations (UNCTAD), New York and Geneva, 2016.
- 4 Hall I., Smith F. The Struggle for Soft Power in Asia: Public Diplomacy and Regional Competition // Asian Security, 2013. № 9
- 5 Han S. STX Promoting Korean-Chinese Exchange Through Music and Education // Donga Daily. 2012. №252.
- 6 Heng Y. Mirror, mirror on the wall, who is the softest of them all? Evaluating Japanese and Chinese strategies in the ‘soft’ power competition era // International Relations of Asia Pacific, 2010, 306 p
- 7 Kazuo, O. Japan’s Cultural Diplomacy: Past and Present // О. Kazuo - Aoyama Gakuin University, Tokyo, 2009
- 8 Мошняга П. А. Внешняя культурная политика Японии // Власть. 2009. №6. С. 14-23.
- 9 Business Conditions of Japanese Companies in Europe // JETRO. 2015. URL: [https://www.jetro.go.jp/ext\\_images/en/reports/survey/pdf/2015\\_03\\_biz1.pdf](https://www.jetro.go.jp/ext_images/en/reports/survey/pdf/2015_03_biz1.pdf) (қарастырылды: 01.12.2021).
- 10 Results of JETRO’s 2014 Survey on Business Conditions of Japanese-Affiliated Firms in the U.S. // JETRO. 2015. URL: [https://www.jetro.go.jp/ext\\_images/en/reports/survey/pdf/2015\\_04\\_biz1.pdf](https://www.jetro.go.jp/ext_images/en/reports/survey/pdf/2015_04_biz1.pdf) (қарастырылды: 01.12.2021).
- 11 New R&D Proving Ground Opens in Thailand // Mitsubishi Motors Press Release. 08.05.2015. URL: [http://www.mitsubishimotors.com/publish/pressrelease\\_en/corporate/2015/news/detail0968.html](http://www.mitsubishimotors.com/publish/pressrelease_en/corporate/2015/news/detail0968.html) (қарастырылды: 01.12.2021).
- 12 Recognition as most Outstanding Insurance Company in Asia // Mitsui Sumitomo Insurance Company, Limited. 13.11.2015. URL: [http://www.msins.com/english/news/fy2015/pdf/1113\\_1.pdf](http://www.msins.com/english/news/fy2015/pdf/1113_1.pdf) (қарастырылды: 02.12.2021).

УДК 327.32

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Балапанова Жансая Армандақызы, Жаксылыкова Айым Еркеновна**

**zbalapanova02@gmail.com, aiymsul@gmail.com**


Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті  
Халықаралық қатынастар факультетінің 3 курс студенттері,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қазіргі таңда энергияны тұтынусыз әлемді елестету мүмкін емес. Қажеттіліктерді қанағаттандыру, өмір сүру жағдайларын жақсарту, оның ұзақтығын арттыру - мұның бәрі қол жетімді энергияны қажет етеді. Сонымен қатар, кез-келген мемлекеттің экономикасының дамуы да көбінесе энергетика мен оның ресурстарының жағдайына байланысты. Соның ішінде Қазақстанды қарастыратын болсақ, мемлекеттің бюджеті шикізаттың әлемдік бағасына тәуелді.

Қазақстан елде өндірілетін бастапқы энергия ресурстарының жиынтық көлемінің жартысынан азын тұтынатын энергия ресурстарының нетто-экспорттаушысы болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда экспорт және ішкі нарыққа жеткізу үшін мұнай тасымалдаудың әртараптандырылған жүйесі бар. Қазақстандық мұнайдың экспорты Каспий Құбыр Консорциумы, Атырау-Самара мұнай құбырлары бойынша Еуропа елдеріне, Қара және Балтық теңіздерінің терминалдарына, Қазақстан-Қытай мұнай құбыры бойынша қытай нарығына, сондай-ақ Ақтау теңіз порты арқылы жүргізіледі. Бүгінгі таңда теңіз тасымалының негізгі бағыттары Ақтау-Баку және Ақтау-Махачкала болып табылады [1].

Қазақстан экономикасының жетекші салаларының бірі мұнай-газ секторы болып табылады. Сурет 1-де байқағанымыздай, отын-энергетикалық ресурстардың жалпы тұтыну құрылымында ең көп үлесті көмір алатын болса, ал өндіру бойынша шикі-мұнай алады.

Сурет 1. Жалпы тұтыну және отын-энергетикалық ресурстарды өндіру, 2018 ж. [2].



Мұнай-газ саласы Қазақстан экономикасының "локомотиві" болып табылады, елге шетелдік инвестициялар мен технологиялардың едәуір ағынын қамтамасыз етеді, шикізаттық емес салаларды дамыту және экономика үшін қолайсыз кезеңдерді еңсеру үшін қаржы резервтерін шоғырландыруға мүмкіндік береді. Қазақстанда қандай да бір дәрежеде мұнай саласының барлық бөлінісі бар, алайда неғұрлым дамыған сектор көмірсутек шикізаттарын өндіру болып табылады. 2018 жылы шикі мұнай ресурстары 89,4 млн.тоннаны құрады, оның ішінде 77,5 млн. тонна өндіру және 0,02 млн. тонна импорт. Ішкі нарықтағы ресурстардың жалпы көлемінен тұтыну 19,7 млн. тоннаны құрады. Республиканың мұнай нарығы экспорттық-шикізаттық бағытта болуын жалғастыруда. Мұнай негізінен Италияға (30,3%), Нидерландыға (13,4%), Францияға (9,6%) жеткізіледі [3].

Елдегі газ қоры 4 трлн. м3. Қазақстандағы табиғи газ қорларының айрықша ерекшелігі олардың негізінен ілеспе газбен ұсынылу фактісі болып табылады; демек, газ өндіру негізінен сұйық көмірсутектерді өндірумен бір мезгілде жүргізіледі. 2018 жылы табиғи газ ресурстары 32,4% - ға өз өндірісімен және 20,7%-ға ТМД елдерінен газ импортымен қамтамасыз етілді. Табиғи ресурстардың жалпы көлемінде табиғи газ үлесінің ұлғаю үрдісі байқалады (2014 жылы 21,6% - дан 2018 жылы 26,9% - ға дейін).

Қазақстанның мұнай-газ саласына SWOT-талдау:

<p>Күшті жақтары:</p> <p>Саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін және экономикалық дамудың жоғары қарқынын ұстап тұруға жәрдемдесетін Қазақстан Республикасының серпінді және сындарлы ішкі және сыртқы саясаты.</p> <p>Қолайлы инвестициялық климат және инвестициялық белсенділіктің жоғары деңгейі.</p> <p>Бай табиғи минералдық-шикізат ресурстары және оларды тереңдете өңдеу үшін экономикалық жағынан тартымды құрамы.</p> <p>Азия мен Еуропа нарықтарын біріктіретін интеграцияланған мұнай-газотран-спорт инфрақұрылымының болуы. Жаңа мұнай-газ тасымалдау қуаттарын дамыту бойынша әлеует.</p> <p>Жер қойнауын пайдалану саласындағы дамыған заңнамалық база.</p> <p>Жер қойнауын пайдалануды реттеудің қалыптасқан келісімшарттық жүйесі.</p> <p>Мұнай-газ саласында тігінен интеграцияланған құрылымдардың, оның ішінде ҚМГ және еншілес компаниялар тобы тұлғасында инфрақұрылымдық құрылымдардың болуы.</p>	<p>Әлсіз жақтары:</p> <p>Күрделі гидрологиялық және климаттық жағдайлар.</p> <p>Тарихи ластану, ілеспе мұнай газын және өзге де компоненттерді кәдеге жарату проблемалары.</p> <p>Еуропа мен үшінші елдердің нарықтарына шығу үшін транзиттік елдерге тәуелділік.</p> <p>Жобалардың капитал сыйымдылығының жоғары болуына және қаржы нарықтарындағы дағдарысқа байланысты инвестициялық ресурстардың тапшылығы.</p> <p>Мұнай-газ құбырларының, негізгі қорларының жоғары тозуы.</p> <p>Мұнай өңдеу тереңдігінің төмендігі және өндірілетін мұнай өнімдерінің евро-стандарттарға сәйкес келмеуі.</p> <p>Өзбекстан мен Ресейден Ресей мұнайы мен табиғи газын жеткізуге тәуелділік.</p> <p>Каспий теңізінің қазақстандық секторы үшін инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы.</p> <p>Ішкі нарықтың Солтүстік және Орталық аймағын табиғи газбен қамтамасыз ету үшін қажетті дамыған газ тасымалдау инфрақұрылымының әлсіздігі.</p> <p>Ұлттық компанияның мұнай-газ кен орындарын игеруге қатысу үлесінің төмендігі.</p> <p>Республиканың газ саласын тиімді дамытуды қамтамасыз ететін жеткілікті заңнамалық базаның болмауы.</p> <p>Республика өңірлерін газдандыру жобаларын бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігі.</p> <p>Жер қойнауын пайдаланушы үшін тартымды экспорттық жеткізілімдер болған кезде мұнай-химия өнімін өндіру үшін қажетті газ көлемдерімен қамтамасыз ету жөніндегі күрделілік.</p> <p>"Газпром" ААҚ-мен қазақстандық газды Үшінші елдерге тасымалдау үшін Ресейдің газ тасымалдау жүйесіне тең қол жеткізуді ұсыну және қазақстандық газға әділ</p>
---	--

	<p>нарықтық бағаны белгілеу жөніндегі келіспеушіліктер.</p> <p>Қазақстандық мұнай-химия өнімінің түпкілікті бағасындағы көліктік құрамдас бөліктің едәуір үлесі.</p>
<p>Мүмкіндіктер:</p> <p>Көмірсутектердің жаңа қорларының өсуімен салыстырғанда энергия тасымалдаушыларға деген сұранысты басып озу үрдісі. Көмірсутек ресурстарының әлемдік қорларының шектеулілігі.</p> <p>Өңірлік халықаралық нарықта (орталық және Шығыс Азия) мұнай-химия өніміне, оның ішінде off-take жеткізіліміне болжамды сұраныстың болуы.</p> <p>Көмірсутек шикізатын іздеуге бірқатар перспективалы объектілердің болуы.</p> <p>Ірі әлемдік мұнай өндірушілердің экономикалық негізделген баға деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылысы.</p> <p>Әр түрлі көлік түрлеріне, мұнай-химия өндірісіне арналған ресурс ретінде көмірсутектерге жоғары сұраныс.</p> <p>Тұтыну тауарларын қоса алғанда, қосылған құны жоғары өнім шығару.</p> <p>Каспий өңірімен интеграция (РФ, Түркменстан, Әзірбайжан, Иран). Қытайдың батыс өңірлерін дамыту бағдарламасына қатысу мүмкіндігі.</p> <p>Қазақстандық тауарлар мен қызметтерді жеткізуді ұлғайту, Қазақстан халқының жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету.</p> <p>Машина жасау, құрылыс индустриясы, сервистік компаниялар, теңіз флоты сияқты сабақтас салаларды дамыту және жаңғырту.</p>	<p>Қауіптер:</p> <p>Техногендік авариялар тәуекелі.</p> <p>Каспийдегі экологиялық сезімтал аймақта мұнай өндіру.</p> <p>Мұнайдың жоғары резервуарлық қысымы және күкіртсутегінің жоғары мөлшері.</p> <p>Кен орындарын ұтымсыз әзірлеу, жер қойнауын пайдаланушылардың бекітілген технологиялық құжаттардың талаптарын орындамауы.</p> <p>Транзиттік елдер тарапынан мұнай мен газ транзитіне қатысты саясат пен тарифтердің ықтимал өзгерістері.</p> <p>Жобаларды іске асыру мерзімдеріндегі кідірістер және олардың құнының қымбаттауы.</p> <p>Орта Азиялық газ транзиті көлемінің төмендеуі.</p> <p>Республика аумағын айналып өтіп, газ тасымалдау жөніндегі жобаларды дамыту.</p> <p>Саланы дамытудың шикізат және отын бағытын сақтау.</p> <p>Көмірсутектердің Теңіз кен орындарын игеру мен жағалау инфрақұрылымын дамыту тәсілдеріндегі теңгерімсіздік.</p> <p>Ресейден мұнай жеткізуді шектеу немесе осындай жеткізілімдерге қатысты экспорттық баж алу.</p> <p>Өзбекстан мен Ресейден жеткізілімдердің шектелуіне байланысты газдың мүмкін тапшылығы.</p> <p>Салада жекелеген инвесторлардың шоғырлануын күшейту.</p> <p>Кадрлардың, Техникалық персоналдың, орта және жоғары буын инженер - мамандарының жетіспеушілігі.</p>

SWOT-талдауды қорытындылай келе, Қазақстанның мұнай-газ саласының әлсіз тұстары мен қауіптері күшті тұстары мен мүмкіндіктерінен басым. Дәлірек айтар болсақ - 16:29 болды. Жалпы әлсіз тұсы мен қауіптерінің басым болуының басты себептері - табиғи энергетиканы толық еркін бақылай алмауымыз бен сыртқы саудадағы тәуелділігіміз болып тұр. Қазіргі таңда Қазақстан үшін бұл үлкен мәселе. Жақында құрылған “Түркі Мемлекеттерінің Ұйымы” болашақта осы мәселенің шешілуіне үлесін қосуы мүмкін дейді кейбір сарапшылар.

Көмірге тоқталатын болсақ, ол - қазақстандық экономиканың отыны деп айтуға әбден болады. Көмір Қазақстан экономикасында, әсіресе электр энергетикасында, ауыр және тау-кен өндіру өнеркәсібінде, пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты басқа да салаларда және коммуналдық-тұрмыстық секторда кеңінен қолданылады.

Қазақстан энергетикалық секторын зерттей отыра, отын-энергетика кешенін дамытудың шешу жолдарын бөліп көрсетуге болады:

- мұнай бағасына, сыртқы факторларға, экономиканың энергия ресурстарының экспортына тәуелділігін азайту;
- импорттың жоғарғы үлесін төмендету;
- экономика мен халық тарапынан энергия мен отынға өсіп отырған сұранысты жабу үшін өндірістік қуаттардың жетіспеушілігін жою;
- экономиканың жоғары энергия сыйымдылығы, энергия тиімділігінің төмен деңгейін көтеру;
- энергетикалық ресурстарды тасымалдауға үлкен шығындарды азайту.
- Отын-энергетика кешені перспективалары:
- ДСҰ және ЕЭО елдерінің нарықтарына тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- аз ауқымдағы барлау және өндіру жөніндегі жобаларды іске асыру;
- мұнай өңдеу саласын жаңғырту;
- көлік секторында табиғи газды пайдалану.

Қазақстанның отын-энергетикалық ресурстарын ұтымды пайдалану, энергияның баламалы көздерін де іздестіру мен дамыту, қазіргі заманғы энергия үнемдейтін технологияларды енгізу осы саладағы Қазақстанның саясатын жүзеге асырудың түйінді басымдықтары болуға тиіс. Бұл шаралар Қазақстанның халықаралық отын-энергетикалық аренада тәуелсіз орнығуына, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ғана емес, сондай-ақ Қазақстан экономикасының жалпы ілгерілемелі дамуына да ықпал ететін болады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Нефтяная промышленность. [Электрондық ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/energo/activities/179?lang=ru>
- 2 Статистика энергетики и товарных рынков. [Электрондық ресурс] URL: <https://stat.gov.kz/official/industry>
- 3 Энергетический баланс в формате МЭА. [Электрондық ресурс] URL: <https://stat.gov.kz/official/industry>